# HP DL380z Gen8 Виртуалды Жұмыс бекеті

## Жылдам орнату

## Қауіпсіздік шаралары және ережелер

Қауіпсіздік, қоршаған орта және заңнамалық ақпаратты *Сервер, сақтау, қуат, желі және ілуге арналған өнімдерге арналған қауіпсіздік шаралары және ережелер* бөлімінен қараңыз, бұл құжат HP веб-торабында орналасқан (http://www.hp.com/support/Safety-Compliance-EnterpriseProducts).

Жабдықталған құжаттардың кейбіреуінде HP Proliant және DL380p Gen8 Сервер өнімдерінің атаулары кездескенімен, ол құжаттардағы ақпарат осы жұмыс бекетіне қатысты. Өнімді VMware және Citrix амалдық жүйелері ғана қолдайды, сондықтан Microsoft Windows және Linux жүйелеріне арналған ақпараттың бұл құрылғыға қатысы болмауы мүмкін.

© Copyright 2014 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Осы жердегі мәліметтер ескертусіз өзгертілуі мүмкін. HP өнімдері мен қызметтеріне арналған жалғыз кепілдік – осындай өнімдермен және қызметтермен бірге берілетін тікелей кепілдіктер. Осы құжаттағы басқа еш нәрсе кепілдік деп қаралмайды. HP компаниясы осы жерде кездескен техникалық немесе өңдеу қателері не жетіспеушіліктері үшін жауапты болмайды.

Microsoft® және Windows® – Microsoft компаниялар тобының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.

Бірінші шығарылым: Шілде, 2014 ж.

## Аударылған нұсқалары

Көру үшін, қажетті тілді таңдаңыз:

**English:**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_en

**Français:**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_fr

**Italiano:**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_it

**Español:**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_es

**Deutsch:**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_de

**Nederlands:**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_nl

**Português Brasileiro:**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_br

**Русский:**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_ru

**Iазає тілі:**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_kk

**日本語 :**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_ja

**简体中文:**
http://www.hp.com/support/Virtual_Workstation_DL380z_Poster_cn

## Құрылғыны қоятын жерге қатысты талаптар

Құрылғы орнатылатын орынды HP ProLiant Gen8 сервер басқару кітапханасында (http://www.hp.com/go/proliantgen8/docs) ұсынылған сервер пайдаланушысына арналған нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сай таңдаңыз.

## Компьютерлік бағдарлама алғы шарттары

- Intelligent Provisioning - барлық HP ProLiant Gen8 серверлерінде орнатылған жалғыз сервер қолданатын құрал, және HP ProLiant алдыңғы буын серверлерімен бірге жіберілетін SmartStart CD-лері мен Smart Update бағдарламалық жабдықтама DVD-лерін алмастырады. CD-лер және DVD HP ProLiant Gen8 серверлерімен бірге жіберілмейді. Жүйе бағдарламасын Intelligent Provisioning қолданып орнату үшін қолдауы бар амалдық жүйені DVD, CD, FTP сервері, желі немесе USB драйвы арқылы алыңыз. Intelligent Provisioning бағдарламасын қолдану туралы толығырақ ақпаратты *HP Intelligent Provisioning пайдаланушы нұсқаулығы* құжатынан HP веб-торабы арқылы (http://www.hp.com/go/intelligentprovisioning/docs) қараңыз.
- Intelligent Provisioning бағдарламасын серверге қашықтан қолдау көрсету және серверді HP Қолдау Орталығының порталы арқылы басқаруға әзірлеу үшін қолданыңыз. Егер серверде HP Insight Remote Support 7.x хост құрылғысы орнатылса, сізге оның порт нөмірі мен IP мекенжайы қажет (немесе хост атау) болады. Бастапқы порт нөмірі 7906. Толығырақ ақпаратты HP Insight қашықтан қолдау көрсету ақпараты кітапханасында ұсынылған HP Insight қашықтан қолдау көрсету нұсқаулығын (http://www.hp.com/go/insightremotesupport/docs) қараңыз.
- Егер бірнеше сервер қолдансаңыз немесе амалдық жүйені қашықтан орнатуды қаласаңыз, HP Insight серверді автоматты түрде басқару қолданбасын пайдаланыңыз. Толығырақ ақпаратты HP Insight қашықтан қолдау көрсету ақпараты кітапханасында ұсынылған *HP Insight серверді автоматты түрде басқару қолданбасын пайдаланушыларға арналған нұсқаулық* (http://www.hp.com/go/insightcontrol/docs) құжатынан қараңыз.
- ProLiant (SPP) жүйесіне арналған HP қызмет орамы - HP ProLiant серверлері, блейд серверлері және олардың себеттеріне арналған компьютерлік бағдарлама және бағдарламалық жабдықтама шешімдері. SPP компьютерлік бағдарлама және бағдарламалық жабдықтамаларды бірнеше HP ProLiant серверлерінде қолдану үшін HP тиімді жаңарту менеджері (HP SUM) қолданбасын пайдаланады Орнату барысында интернет байланысы болмаса, HP SPP соңғы нұсқасын SPP веб-торабы (http://www.hp.com/go/spp/download) арқылы жүктеп алыңыз.

Орнату және конфигурациялау туралы толығырақ ақпаратты HP ProLiant Gen8 сервер басқару ақпараты кітапханасында ұсынылған *HP ProLiant Gen8 сервері және iLO басқару құрылғысын орнату нұсқаулығы* құжатынан қараңыз (http://www.hp.com/go/proliantgen8/docs).

## 1 Компьтерлік жабдықтамаларды орнату

Компьютерлік жабдықтамаларды серверді қосуға дейін орнатыңыз. Жабдықтамаларды орнату туралы ақпаратты сол өніммен бірге жіберілген құжаттардан қараңыз. Серверге қатысты ақпаратты HP ProLiant Gen8 серверді басқару ақпараты кітапханасында ұсынылған сервер пайдаланушыларға арналған нұсқаулықтан көріңіз (http://www.hp.com/go/proliantgen8/docs).

## 2 Серверді ілмелі сөреге орнату

**ЕСКЕРТУ:** Сервердің салмағы өте ауыр Жарақаттану немесе жабдықты зақымдап алу қаупін азайту үшін:

- Серверді сөреге орнатқанда қатты драйвтар мен қуат жабдықтарын шешіп алып, сервердің салмағын азайтыңыз.
- Серверді орнатқанда немесе шешкенде кем дегенде екі адам қажет.

**НАЗАР:** АУДАРЫҢЫЗ: Сөреге орнатуды алдын ала жоспарлап, ең ауыр бөлшегін төмен қаратып орнатыңыз. Ең ауыр элементін алдымен орнатыңыз, одан кейін сөрені төменнен жоғары қарай толтыра беріңіз.

Серверді ілмелі сөреге орнатыңыз. Толығырақ ақпаратты сөре орамымен бірге жіберілген *Темір жолды жүйелерді жылдам орнату нұсқаулары* құжатынан қараңыз.

## 3 Серверге қосымша құралдарды жалғау

**МАҢЫЗДЫ:** Кабельді өткізуге арналған ілкектерді қолданғанда сервер сөреден тартылғанда кабельдердің ұзындығы жеткілікті болуын ескеріңіз.

Серверге қосымша құралдарды жалғаңыз. Сервердің артындағы порттар белгіленген. Порттар және қосқыштарға қатысты ақпаратты HP ProLiant Gen8 серверді басқару ақпараты кітапханасында ұсынылған сервер пайдаланушыларға арналған нұсқаулықтан көріңіз (http://www.hp.com/go/proliantgen8/docs).

## 4 Қуат сымын қуат көзіне жалғаңыз.

**ЕСКЕРТУ:**
Ток с.оғу немесе жабдықтың зақымдалу қаупін азайту үшін:

- Жерге тұйықтап тұрған тоқ ашасын істен шығармаңыз. Жерге тұйықтау ашасы - өте маңызды қауіпсіздік бөлшегі
- Қуат сымының ашасын барлық уақытта оңай қол жетімді жерге қосылған электр розеткасына қосыңыз.
- Құрылғыны өшіру үшін қуат сымын қуат көзінен ажыратыңыз.
- Қуат сымын орналастырғанда оның аяқ астында қалмауын және қысылып қалмауын ескеріңіз. Қуат ашасы, қуат көзі және қуат сымының сөреден тартылу нүктесіне аса назар аударыңыз.

**A.** Қуат сымын электр қуат көзіне жалғаңыз.

**B.** Қуат сымын қысым азайту қысқышы арқылы (егер мүмкін болса) өткізіңіз. Қысқышты қолдану нұсқауларын қысқышпен бірге жабдықталған нұсқаулықтан қараңыз.

**C.** Қуат сымын АТ көзіне жалғаңыз.

## 5 Құрылғыны қуат көзіне қосып, бастау әдісін таңдаңыз

**A.** Ethernet кабелімен сервердегі желі қосқыш пен желі ұяшығын жалғаңыз.

**B.** Қосу/күту режимі түймесін басыңыз.

**C.** Бірінші рет қосу барысында:

- Сервердің конфигурациясының ROM жадының бастапқы параметрлерін өзгерту үшін қосу кезінде F9 пернесін басып, RBSU (ROM жадына негізделген орнату құралы) құралына кіріңіз. Бастапқы параметр бойынша RBSU ағылшын тілінде.
- Егер сервер конфигурациясын өзгерту қажет болмаса, компьютерлік бағдарламаны орнатуға кірісіңіз. Егер VMware бағдарламасын орнатып жатсаңыз, **F10** пернесін басып, 6-шы қадамға көшіңіз. Егер Citrix орнатып жатсаңыз, орнату құралын қолданып, амалдық жүйені орнатып алып, 7-ші қадамға көшіңіз.

**ЕСКЕРТУ:** Егер HP Smart Array басқарушысын қоссаңыз немесе ол жүйеде орнатылған болса, орнатылған драйвтардың өлшемі мен санына қарай басқарушы бастапқы параметрлер бойынша RAID конфигурациясын қолданады. Басқарушының бастапқы параметрлерін өзгерту туралы толығырақ ақпаратты HP тиімді сақтау ақпараты кітапханасында ұсынылған құжаттан қараңыз (http://www.hp.com/go/smartstorage/docs).

Автоматты конфигурация туралы толығырақ ақпаратты HP RBSU ақпараты кітапханасында ұсынылған *HP ROM жадына негізделген орнату құрылғысын пайдаланушыларға арналған нұсқаулық* (http://www.hp.com/go/rbsu/docs) құжатынан қараңыз.

## 6 VMware орнату

Intelligent Provisioning бағдарламасын келесі әрекеттер үшін пайдаланыңыз:

- VMware амалдық жүйесін орнату

**МАҢЫЗДЫ:** VMware ESXi немесе ESX бағдарламасын орнату үшін VMware негізгі кескінінде қамтылмаған VMware құралына арналған драйверлері бар жекелендірілген HP кескіні қажет. Кескін HP веборабында берілген (http://www.hp.com/go/esxidownload).

- Бағдарламалық жабдықтаманы жаңарту, iLO конфигурациясы және Smart Array конфигурациясы сияқты күтім тапсырмаларын орындаңыз.

Intelligent Provisioning бағдарламасын қолданып амалдық жүйені бір серверге орнату:

**A.** Серверді қайта бастау және сервер POST сұранысы кезінде **F10** пернесін басып, Intelligent Provisioning бағдарламасын ашыңыз.

**B.** Intelligent Provisioning бағдарламасын іске қосу үшін қажетті параметрлерді реттеу қадамдарын орындап, серверді HP Insight қашықтан қолдау көрсету бағдарламасы арқылы тіркеңіз.

**C.** Негізгі экраннан **Күтім тапсырмаларын орындау**, одан кейін **Бағдарламалық жабдықтаманы жаңарту** пәрмендерін басыңыз.

**D.** Орнатылатын драйверлердің соңғы нұсқаларын орнатуды қадағалаңыз. Микробағдарламалар тізімінен **Intelligent Provisioning бағдарламасын** таңдап, **Жаңарту** пәрменін басыңыз. Егер құс белгісі қойылмаса, драйверлердің ең соңғы нұсқалары орнатылған дегенді білдіреді.

**E.** Неізгі экраннан **Конфигурациялау және Орнату** пәрменін басыңыз.

**F.** Орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

**G.** Драйверлер мен жүйе бағдарламасын жаңарту үшін HP SPP бағдарламасын қолданыңыз.

Intelligent Provisioning жүйесінде жетілдірілген ProLiant серверін қолдайтын бағдарлама HP SPP арқылы арқылы автоматты түрде қосылады. SPP бағдарламасы HP Smart Update жабдықтық DVD-лерін және ProLiant қолдау орамын (PSP) алмастырады. SPP бағдарламасын қолдану туралы толығырақ ақпаратты HP SPP ақпараттық кітапханасында ұсынылған *HP қызмет көрсету орамы, ProLiant жылдам бастау нұсқаулығы* құжатынан қараңыз (http://www.hp.com/go/spp/documentation).

## 7 Өнімді тіркеу

Қызмет көрсету жылдамырақ және тиімдірек болу үшін өнімді HP өнімдерін тіркеу веборабына тіркеңіз (http://register.hp.com).

## Қосымша ақпарат

*HP ProLiant Gen8 ақаулықтарды жою нұсқаулығы, I-бөлімі: Ақаулық жою* жиі орын алатын ақаулықтарды жою әдістерін және ProLiant сервері мен блейд серверлерінде орын алатын оқшаулау және анықтау қателіктері, бағдарлама күтіміне қатысты жан-жақты шешімдер ұсынады. *HP ProLiant Gen8 ақаулықтарды жою нұсқаулығы, II-бөлімі: Қателік хабарлары* ProLiant сервері мен блейд серверлерінде орын алатын қателіктерді анықтауға және жөндеуге көмектесетін қателік хабарлары мен ақпараттар тізімін ұсынады. Құжаттар HP веборабында орналасқан (http://www.hp.com/go/proliantgen8/docs).

Құжаттар мен драйверлердің, қауіпсіздік шаралары мен ережелердің соңғы нұсқаларын жүктеп алу үшін HP веборабын қараңыз (http://www.hp.com/support).

## Қысқаша түсініктеме

Бұл құжат ProLiant серверлерін орнату талаптары мен қадамдарын сипаттайды. HP компаниясы сіздің компьютерлік жабдықтарды жөндеу біліктілігіңіз жеткілікті және өнімдегі қауіп деңгейін ажырата алады деп ұйғарады.

## Құжат туралы пікір

HP компаниясы қажеттілігіңізге жауап беретін құжаттама жабдықтауға мүдделі. Құжат сапасын арттыруға көмек ретінде құжаттан қателік байқасаңыз немесе ұсынысыңыз және пікірлеріңіз болса, Құжатты бағалау бөліміне хабарласыңыз (mailto:docsfeedback@hp.com). Пікіріңізді жібергенде құжаттың атауын, бөліктің нөмірін, нұсқа нөмірін немесе URL мекенжайын көрсетуді ұмытпаңыз.